

- Сәлем.
 - Сәлем.
 - Сенің атың кім?
 - Менің атым Әмір.
 - Ал сенің атың кім?
 - Менің атым Темір.
 - Сен қай мектепте оқисын?
 - Мен 27 гимназияда оқимын.
 - Ал сен қай мектепте оқисын?
 - Мен 122 орта мектебінде оқимын.
 - Сен қайда бара жатырсың?
 - Мен мектепке бара жатырмын.
 - Мен де мектепке бара жатырмын.
 - Танысқаным өте қуаныштымын.
 - Мен де. Сау бол
 - Сау бол.
-

Кел , танысайық

- Амансыз ба?
- Сәлеметсіз бе?
- Қалқам, сенің аты-жөнің кім?
- Төлеген-атым, әкем аты- Омар, тегім-Оспан.
- Қал-жағдайыңыз қалай?
- Рақмет, жақсы.
- Өзіңіздің қал -жағдайыңыз қалай?
- Шүкір, орташа
- Төлеген, сенің жасың нешеде?
- Жасым он сегізде
- Қайда оқисың?
- Колледжде
- Қай курсыңда оқып жүрсің?
- Бірінші курсыңда.
- Отбасыңда кімдер бар?
- Екі апам, бір ағам мен кішкене қарындасым бар.
- Ата-аналарың не істейді?
- Әкем-малшы, шешем-сауыншы

-
- Сәлем!
 - Сәлем!
 - Сенің атың кім?
 - Менің атым -Әйгерім . Сенің ше?
 - Менің атым Әлибек !
 - Танысымызға қуаныштымын!
 - Мен де! Сен неше жастасың?
 - Мен 11 жастамын! Сен ше?
 - Мен 12 жастамын! Әйгерім, қазыр мен саябаққа барамын!Меніңмен барасыңба?
 - Жақсы екеуіміз барайық! Бірақ онда не істейміз?
 - Сенде велосипед бар ма ?
 - Иә, бар!
 - Бар екені жақсы болды,онда біз саябақта велосипедті тебеміз, балмұздақ жейміз және бір-бірімізді көп туралы үйренеміз!
 - Жақсы онда барайық!
 - Тамаша!

-
- **Менің атым** Үрзада. **Сенің атың** кім?
 - **Менің атым**
 - **Менің атым** Үрзада. **Сіздің атыңыз** кім?
 - **Менің атым**
 - **Танысайық. Менің атым** Үрзада. **Сіздің атыңыз** кім?
 - **Менің атым**
 - **Танысқаныма қуаныштымын!**
 - **Мен де.**
 - **Танысайық. Менің есімім** Үрзада. **Сіздің есіміңіз** кім?
 - **Менің есімім**
 - **Танысқаныма қуаныштымын!**
 - **Мен де танысқаныма қуаныштымын.**

Диалог 6

- Сенімен танысуға бола ма?
- Иә, болады. Менің атым Бақыткелді. Сенің атың кім?
- Менің атым Ярослав.Сенің ұлтың кім?

- Менің ұлтым қазақ. Сенің ше?
- Менің ұлтым украин.
- Кел, екеуіміз дос болайық!
- Жақсы, дос болайық.

Диалог 7

Жағдаят: Астанада танысу.

- 1-ші бала: Сен қайдансың?
- 2-ші бала: Мен Өзбекстаннанмын. Сен ше?
- 1-ші бала: Мен Қазақстаннанмын. Ал сен ше?
- 3-ші бала: Мен Ресейденмін.
- 1-ші бала: Сендерге Астана ұнай ма?
- 3-ші бала: Иә, ұнайды.
- 2-ші бала: Маған да ұнайды.

Диалог 18

- Сенімен танысуға бола ма?
- Болады. Менің атым Бақыт. Сенің атың кім?
- Менің атым Мақсат.
- Нешінші сыныпта оқисың?
- 3 -ыныпта оқимын. Сен ше?
- Мен 4 -сыныпта оқимын.
- Нешінші мектепте?
- 5-мектепте. Сен ше?
- Мен №31 мектеп-гимназияда оқимын.

Диалог: Бір аулада ойнайтын балалардың танысуы

- Кел танысайық. Менің атым Нұрбақ. Мен №27 мектеп-лицейде оқимын.
- Менің атым Мұса. Мен де №27 мектеп-лицейде оқимын.
- Сен қай жерде тұрасың?
- Ташенов көшесінде, №14 үйде тұрамын.
- Мен Ташенов көшесінде, №13 үйде тұрамын.
- Олай болса екеуіміз дос болайық.
- Жақсы, ертең мектепке бірге барамыз. (Басқа ықтимал жауаптар алуға болады)

Диалог 13

Сыныптағы танысу

-Сәлем! Сен біздің сыныпқа жаңадан келдің бе?

-Иә, менің атым Айдария.

-Ал, мен Лиямын. Мынау біздің сынып. Біздің сынып үлкен, жарық және жайлы.

-Иә, сынып әдемі екен. Сыныпта неше оқушы бар?

-Сыныпта 29 оқушы бар. 16 қыз бала және 13 ер бала.

-Лия, сен қай орында отырасың?

-Мен екінші қатарда, үшінші партада отырамын. Ал соңғы партада бір орын бос. Айдария, сен сонда отыр.

-Мен алыстан нашар көремін.

- Онда апайға айту керек. Бұл мәселені апай шешеді. (Басқа ықтимал жауаптар алуға болады).

Диалог 20

Пойызда танысу жағдаяты

-Кешіріңіз, сіз Қазақстандықсыз ба?

-Иә, мен Қазақстан азаматымын. Астана қаласында тұрамын.

-Ал мен Франция азаматымын, Париж қаласында тұрамын.

-О... керемет! Париждің өзінде ме?

-Иә, Париждің өзінде. Танысып қоялық, менің есімім Жан Пьер!

-Мен Әлимін. Астанаға қайтып барамын.

-Астана туралы көп естідім. Ол үлкен қала ма?

-Астана – Қазақ елінің бас қаласы. Бұл қала жылдан-жылға көркейіп келеді.

-Мен тарихшымын. Сіз маған Астана туралы айтып беріңізші.

-Әрине, жол ұзақ, айтып беремін.